

**«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ және Зияткерлік мектептер  
ұйымдарының жосықсыз әлеуетті жеткізушілердің (жеткізушілердің) бірыңғай  
тізілімін құрастыру және жүргізу ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Жосықсыз әлеуетті жеткізушілердің (жеткізушілердің) бірыңғай тізілімін құрастыру және жүргізу ережелері (бұдан әрі - Ережелер) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы 8 қарашадағы шешімімен (№7 хаттама) бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы және Зияткерлік мектептер ұйымдары жүзеге асыратын Тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу ережелеріне (бұдан әрі - Сатып алу ережелері) сәйкес әзірленіп, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі - ДББҰ) және Зияткерлік мектептер ұйымдарының тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруы саласында жосықсыз әлеуетті жеткізушілердің (жеткізушілердің) бірыңғай тізілімін (бұдан әрі - Тізілім) құрастыру және жүргізу тәртібін анықтайды.

**2. Тізілімді құрастыру және жүргізу тәртібі**

2. Әлеуетті жеткізуші (жеткізуші) мынадай негіздер бойынша Тізілімге енгізіледі:

- 1) әлеуетті жеткізуші Сатып алу ережелерінің 17.9-тармағына сәйкес сатып алу шартын бекітуден жалтарған жағдайда;
- 2) әлеуетті жеткізуші біліктілік талаптары және/ немесе тендерлік құжаттама талаптары бойынша дәйексіз ақпарат берген жағдайда;
- 3) жеткізуші бекітілген сатып алу шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда.

Тізілімге Сатып алу ережелерінің 15.11-тармағының 1), 4) және 5)-тармақшаларында көзделген жағдайларда анықталған әлеуетті жеткізушілер мен жеткізушілер енгізілмейді.

3. Әлеуетті жеткізушіні (жеткізушіні) Тізілімге енгізу туралы шешімді ДББҰ-ның Атқарушы органы қабылдайды.

4. Осы Ережелердің 2-тармағының 1) және 2)-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті жеткізушінің (жеткізушінің) Сатып алу ережелерін бұзу жайттары туралы оларға белгілі болған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей сол әлеуетті жеткізушіні жосықсыз әлеуетті жеткізуші (жеткізуші) деп танып, оны Тізілімге енгізетін құжаттармен расталған тиісті мәліметтерді ДББҰ-ға жіберуге міндетті.

Осы Ережелердің 2-тармағының 3)-тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті жеткізушінің (жеткізушінің) Сатып алу ережелерін бұзу жайттары туралы оларға белгілі болған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей сол әлеуетті жеткізушіні жосықсыз әлеуетті жеткізуші (жеткізуші) деп танып, оны Тізілімге енгізетін құжаттармен расталған тиісті мәліметтерді ДББҰ-ға

жіберуге міндетті, бірақ бұл мәліметтерге келесі өзара байланысты шарттарды қанағаттандыратын жағдайлар кірмейді:

- 1) жеткізушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеуі;
- 2) шарттық міндеттемелерді толық орындауы;
- 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы.

5. ДББҰ-ның сатып алу мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшесі тапсырыс берушіден/сатып алуды ұйымдастырушыдан құжаттармен расталған мәліметтерді алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде әлеуетті жеткізушіні (жеткізушіні) Тізілімге енгізу туралы мәселені ДББҰ Атқарушы органының қарауына ұсыну үшін материалдарды әзірлейді.

Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы Тізілімге енгізуге толық емес және/немесе сенімсіз (қате) мәліметтерді тапсырған жағдайда, ДББҰ сатып алу мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімше тапсырыс берушіден/сатып алуды ұйымдастырушыдан қосымша ақпарат пен мәліметтерге түсіндірме сұратуға құқылы. Бұл ретте, осы тармақта белгіленген мерзім қосымша ақпарат пен мәліметтерге түсіндірме алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

6. Әлеуетті жеткізушіні (жеткізушіні) Тізілімге енгізу күні ДББҰ Атқарушы органының әлеуетті жеткізушіні (жеткізушіні) Тізілімге енгізу шешімін қабылдаған күні болып табылады.

7. Әлеуетті жеткізуші (жеткізуші) Тізілімге 12 (он екі) ай мерзімге енгізіледі.

8. ДББҰ-ның Атқарушы органы әлеуетті жеткізушіні (жеткізушіні) Тізілімге енгізу туралы шешім қабылдағаннан кейін ДББҰ-ның сатып алу мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшесі 3 (үш) жұмыс күні ішінде сол мәліметтерді Тізілімге енгізеді.

9. Әлеуетті жеткізуші (жеткізуші) Ережелердің 7-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін Тізілімнен автоматты түрде шығарылады.

Әлеуетті жеткізушіні (жеткізушіні) Тізілімге енгізу туралы шешімнің күшін жою туралы заңды күшіне енген сот акті болған жағдайда, жосықсыз әлеуетті жеткізуші (жеткізуші) туралы мәліметтерді заңды күшіне енген тиісті сот акті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ДББҰ-ның сатып алу мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшесі Тізілімнен алып тастайды.

10. Әлеуетті жеткізуші (жеткізуші) Тізілімге енгізілген күннен бастап осы Ережелердің 7-тармағында көрсетілген мерзімде ДББҰ және Зияткерлік мектептер ұйымдары өткізетін сатып алуға қатысуға құқығы жоқ.

11. Тізілімді ДББҰ-ның сатып алу мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшесі құрастырып, мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізеді. Ол жосықсыз әлеуетті жеткізуші (жеткізуші) туралы мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) әлеуетті жеткізушінің (жеткізушінің) толық атауы;
- 2) заңды тұлға үшін бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН), жеке тұлға үшін жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) ;
- 3) жосықсыз әлеуетті жеткізуші (жеткізуші) деп тану негіздемесі;
- 4) әлеуетті жеткізушінің (жеткізушінің) Тізілімге енгізілген күні;
- 5) әлеуетті жеткізушінің (жеткізушінің) Тізілімнен шығарылған күні.

12. Тізілім ДББҰ тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді электрондық сатып алуды жүзеге асыруы үшін ақпараттық жүйеде (электрондық сатып алу порталы) орналастырылады және барлық мүдделі тұлғаларға танысуға қолжетімді болады.

### **3. Қорытынды ережелер**

13. Тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының басшылары және сатып алу мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімше (сатып алу мәселелеріне жауапты тұлға) осы Ережелердің нормаларын бұзғаны және жосықсыз әлеуетті жеткізуші

(жеткізуші) туралы тапсырылған мәліметтер мен материалдардың дұрыстығы үшін жеке жауапкершілік көтереді.

Осы Ережелердің нормаларын бұзғаны үшін қызметкерлерді жауапкершілікке тарту тәртібі белгіленген тәртіппен бекітілген ДББҰ-ның ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

14. Әлеуетті жеткізуші (жеткізуші) заңнамада белгіленген тәртіппен Тізілімге енгізілгендігіне шағымдануға құқылы.

---